мұнайды танкерлерге құю;
автоцистерналардан мұнайды төгу;
автоцистерналарға мұнай құю;
мұнайды сақтау;
мұнайды ауыстырып тиеу;
мұнайды араластыру.

| № | Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділік көрсеткіші | Көрсеткішті есептеу формуласы |
|---|---|---|
| 1 | Субъектінің мұнайды (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдауды біржақты тоқтата тұру туралы тұтынушыны алдын ала хабардар ету мерзімі | Субъект тұтынушыға есепті жылы мұнайды (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдауды біржақты тоқтата тұру туралы хабардар етудің жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) есепті жылы тоқтата тұрулардың санына қатынасы |
| 2 | Субъектінің қызмет көрсетуге арналған шарт бойынша міндеттемелерді бұзуы салдарынан туындаған шығындарды өтеу туралы тұтынушының өтінішін қарау мерзімі | Субъект олар бойынша есепті жылы шешімдер қабылдаған осындай өтініштер түскен сәттен бастап қызмет көрсетуге арналған шарт бойынша міндеттемелерді бұзуы салдарынан туындаған шығындарды өтеу туралы тұтынушылардың өтініштерін қараудың жалпы ұзақтығының ( жұмыс күндерімен) тұтынушылардың осындай өтініштерінің санына қатынасы |
| 3 | Авариялар нәтижесінде мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді тоқтата тұрған жағдайда мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдауды авариялық тоқтатуға ден қою мерзімі | Есепті жылы тасымалдауды толық қалпына келтірген сәтке дейін авариялар нәтижесінде мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді тоқтата тұрған жағдайда мұнай және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдауды тоқтатқан сәттен бастап жалпы ұзақтықтың (сағаттарда) есепті жылғы авариялық тоқтатулардың санына қатынасы |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 4 | Бір тұтынушыға қызмет көрсетуді тоқтату ұзақтығы | Бір жыл ішінде қызмет көрсетуді барлық (жоспарлы және жоспардан тыс) тоқтатулардың жалпы ұзақтығының тұтынушылардың жалпы санына қатынасы |

Жылу энергиясын өндіру, топырақтың жылуын, жерасты суларды, өзендерді, су қоймаларын өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының, кәріздік-тазарту құрылыстарының сарқынды суларын пайдалана отырып, өндірілген жылу энергиясын қоспағанда, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау саласында:

жылу энергиясын өндіру

| № | Көрсетілетін қызмет сапасының көрсеткіші | Көрсеткішті есептеу формуласы |
|---|---|---|
| 1 | Жылу энергиясын өндіруді жоспардан тыс тоқтату туралы тұтынушыны субъектінің алдын ала хабардар ету мерзімі | Есепті жылы тұтынушыны субъектінің алдын ала хабардар етуінің жалпы ұзақтығының ( жұмыс күндерінде) (жылу энергиясын өндіруді жоспардан тыс нақты тоқтату басталғанға дейін) есепті жылы жоспарлы тоқтатулардың санына қатынасы |
| | Реттеліп көрсетілетін қызмет сенімділігінің көрсеткіші | |
| 2 | Жылу энергиясын өндіруді жоспардан тыс тоқтатулардың ұзақтығы | Есепті жылы жылу энергиясын өндіруді жоспардан тыс тоқтатулардың жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерінде) есепті осындай тоқтатулардың санына қатынасы |
| 3 | Бір тұтынушыға қызмет көрсетуді тоқтатудың ұзақтығы | Жыл ішінде қызмет көрсетуді барлық (жоспарлы және жоспардан тыс) тоқтатулардың жалпы ұзақтығының тұтынушылардың жалпы санына қатынасы |
| 4 | Бір тұтынушыға қызмет көрсетуді тоқтатулардың жиілігі | Жыл ішінде қызмет көрсетуді барлық (жоспарлы және жоспардан тыс) тоқтатулардың жалпы санының тұтынушылардың жалпы санына қатынасы |

Топырақтың жылуын, жерасты суларды, өзендерді, су айдындарын өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының, кәріздік-тазарту құрылыстарының сарқынды суларын пайдалана отырып, жылу энергиясын өндіруді қоспағанда жылу энергиясын беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау саласында:

жылу энергиясын беру және бөлу

| | | |
|---|---|---|
| | | |

| № | Көрсетілетін қызметтің сапа көрсеткіші | Көрсеткішті есептеу формуласы |
|---|---|---|
| 1 | Субъектінің тұтынушыны жылу энергиясын беруді және (немесе) бөлуді жоспарлы тоқтату туралы алдын ала хабардар ету мерзімі | Есепті жылы субъектінің тұтынушыларды алдын ала хабардар етуінің (тұтынушыларды хабардар еткен сәттен бастап жылу энергиясын беруді және ( немесе) бөлуді нақты жоспарлы тоқтату басталғанға дейін) жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерінде) есепті жылы барлық жоспарлы тоқтатулардың санына қатынасы |
| 2 | Тұтынушы өтініш берген кезден бастап жылумен жабдықтауды тоқтату немесе жылу энергиясы сапасының аутқуы салдарынан берілген жылу энергиясы үшін төлем сомасын қайта есептеуге берілген тұтынушының өтінішін субъектінің қарау мерзімі | Есепті кезеңде субъекті олар бойынша шешім қабылдаған, мұндай өтініштер берген кезден бастап жылумен жабдықтаудағы тоқтатулар немесе жылу энергия сапасының ауытқуы салдарынан берілген жылу энергиясы үшін төлем сомасын қайта есептеуге тұтынушының өтініштерін субъектінің қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерінде) тұтынушылардың мұндай өтініштерінің санына қатынасы |
| | Реттеліп көрсетілетін қызмет сенімдігінің көрсеткіші | |
| 3 | Бір объектіге қызмет көрсетуді жоспардан тыс тоқтатудың ұзақтығы | Жыл ішінде қызмет көрсетуді жоспардан тыс тоқтатудың жалпы санының объектілердің жалпы санына қатынасы |
| 4 | Бір объектіге қызмет көрсетуді жоспардан тыс тоқтатудың жиілігі | Жыл ішінде қызмет көрсетуді жоспардан тыс тоқтатудың жалпы санының объектілердің жалпы санына қатынасы |

Топырақтың жылуын, жерасты суларды, өзендерді, су қоймаларын, өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының, кәріздік-тазарту құрылыстарының сарқынды суларын пайдалана отырып өндірілген жылу энергиясын қоспағанда, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау саласында:

жылу энергиясымен жабдықтау

| № | Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа көрсеткіші | Көрсеткішті есептеу формуласы |
|---|---|---|
| 1 | Қызметке қосылу үшін тұтынушының жылумен жабдықтау шартын жасасуға өтініштерін қарау мерзімі | Субъектінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызметтерді көрсетуге шарт жасасуға өтініштерді қарауының жалпы ұзақтығының (күнтізбелік күндерде) мұндай өтініштердің санына қатынасы |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Ұсынылған қызметтердің сапасының, оның ішінде ақы төлеуге берілген шоттардың мәселелері бойынша тұтынушылардың өтініштерін қарау мерзімі | Ұсынылған қызметтердің сапасының, оның ішінде ақы төлеуге берілген шоттардың мәселелері бойынша тұтынушылардың өтініштерін субъектінің қарауының жалпы ұзақтығының (күнтізбелік күндерде) тұтынушылардың мұндай өтінімдерінің санына қатынасы |
| | Реттеліп көрсетілетін қызмет көрсеткіші | |
| | Жылумен жабдықтау қызметтері үшін шоттарды қате берудің расталған фактілерінің саны | Жылумен жабдықтау қызметтері үшін шоттарды қате беру фактілерінің расталған саны |
| | Реттеліп көрсетілетін қызметтер үшін төлемдердің жиналуы | Басқа кірістерді шегерумен ақы төлеу сомасының есептеу сомасына қатынасы |

## Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында таратушы желілер арқылы су беру

| № | Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің көрсеткіші | Көрсеткішті есептеу формуласы |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті алуға тұтынушының өтінімін субъектінің қарау мерзімі | Субъект есепті жылы олар бойынша шешімдер қабылдаған субъектінің мекенжайына келіп түскен сәттен бастап субъектінің көрсетілетін қызметке рұқсат алуға арналған тұтынушылардың барлық өтінімдерін қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) есепті жылдағы тұтынушылардың осындай өтінімдерінің санына қатынасы |
| 2 | Тұтынушыдан өтініш алған сәттен бастап тұтынушылардың сумен жабдықтау желілеріне тұтынушының объектілерін қосуға арналған техникалық талаптарды тұтынушыға беру мерзімі | Субъект, оларды қабылдау бойынша шешімді есепті жылы қабылдаған, тұтынушылардан өтініштер алған сәттен бастап тұтынушылардың объектілерін субъектінің сумен жабдықтау желілеріне қосуға техникалық талаптарды беруінің жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) осындай өтініштердің санына қатынасы |
| 3 | Ақы төлемегені көрсетілетін қызмет ұсынуды тоқтата тұру жағдайларын қоспағанда, тұтынушыға қызмет ұсынуды бір тәуліктен артық тоқтата тұру | Есепті жыл ақы төлемегені үшін қызмет ұсынуды тоқтата тұру туралы тұтынушыларды субъект хабардар ету жағдайларын қоспағанда, бір тәуліктен артық көрсетілетін қызметті ұсынуды |

| | | |
|---|---|---|
| | туралы тұтынушыны субъектінің алдын ала хабардар ету мерзімі. | тоқтатқан сәтке дейін субъектінің тұтынушыны алдын ала хабардар етуінің жалпы ұзақтығының ( күнтізбелік күн) осындай өтініштердің санына қатынасы |
| 4 | Қызмет көрсетуді тоқтату себебі жойылған сәттен бастап тұтынушыға көрсетілетін қызмет ұсынуды субъектінің қалпына келтіру мерзімі | Субъект көрсетілетін қызметті ұсынуды толық қалпына келтіргенге дейін көрсетілетін қызметті ұсынуды тоқтата тұру себептерін жойған сәттен бастап жалпы ұзақтықтың (күнтізбелік күнмен) есепті жылдағы осындай барлық тоқтатулардың санына қатынасы |
| 5 | Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйесі құрылысының жұмысында туындаған ақаулар туралы мұндай шағымды кәсіпорын кеңсесі арқылы жазбаша нысанда немесе диспетчерлік орталық арқылы ауызша нысанда алған сәттен бастап тұтынушының шағымына субъектінің ден қою мерзімі | Субъект су бұру жүйесі құрылысының жұмысында пайда болған ақаулар туралы тұтынушылардың шағымдарын алған сәттен бастап осы құрылыстың жұмысын толық қалпына келтірген сәтке дейін есепті жылы осындай барлық келіп түскен шағымдардың санына жалпы ұзақтықтың қатынасы (ауызша жүгінген кезде сағат және жазбаша жүгінген кезде жұмыс күні) |
| 6 | Осындай шағымды алған сәттен бастап есепке алу аспаптарының жұмысында туындаған ақаулар туралы тұтынушының шағымына субъектінің ден қою мерзімі | Субъект тұтынушылардың есепке алу құралдарының жұмысында туындаған ақаулар туралы шағымдарын алған сәттен бастап осы құралдың жұмысын толық қалпына келтіру сәтіне дейін жалпы ұзақтығының (сағатпен) есептік жылда келіп түскен барлық шағымдардың санына қатынасы |

Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында:
сарқынды суларды бұру.

| № | Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің көрсеткіші | Көрсеткішті есептеу формуласы |
|---|---|---|
| 1 | Субъектінің тұтынушының көрсетілетін қызметке рұқсат алуға арналған өтінімін қарау мерзімі | Субъект есепті жылы олар бойынша шешімдер қабылдаған субъектінің мекенжайына келіп түскен сәттен бастап субъектінің көрсетілетін қызметіне рұқсат алуға арналған тұтынушылардың өтінімдерін қараудың жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) тұтынушылардың осындай өтінімдерінің санына қатынасы |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Тұтынушыдан өтініш алған сәттен бастап тұтынушының объектілерін субъектінің су бұру желілеріне қосуға арналған техникалық талаптарды тұтынушыға беру мерзімі | Субъект оларды беру туралы шешімді есепті жылы қабылдаған, тұтынушылардан өтініштерді алған сәттен бастап тұтынушылардың объектілерін субъектінің су бұру желілеріне қосуға арналған техникалық талаптарды берудің жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) тұтынушылардың осындай өтініштерінің санына қатынасы |
| 3 | Тұтынушыға көрсетілетін қызметті ұсынуды тоқтату туралы тұтынушыны субъектінің алдын ала хабардар ету мерзімі | Есепті жыл үшін тұтынушыны субъектінің алдын ала хабардар етуінің жалпы ұзақтығының ( жұмыс күндерімен) есепті жыл үшін тұтынушыларға көрсетілетін қызметті ұсынудың осындай барлық тоқтатуларының санына қатынасы (тұтынушыларды қызмет көрсетуді нақты тоқтата тұрғанға дейін хабардар еткен сәттен бастап) |
| 4 | Қызмет көрсетуді тоқтата тұру себептері жойылған сәттен бастап тұтынушыға көрсетілетін қызметті ұсынуды субъектінің қалпына келтіру мерзімі | Көрсетілетін қызметті ұсынуды тоқтата тұру себептерін жойған сәттен бастап субъект қызмет көрсетуді толық қалпына келтіргенге дейін жалпы ұзақтықтың (жұмыс күндерімен) есепті жылдағы осындай тоқтата тұру санына қатынасы |

Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында:
суды магистральдық құбыржолдары арқылы
суды арналар арқылы беру.

| № | Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің көрсеткіші | Көрсеткішті есептеу формуласы |
|---|---|---|
| 1 | Субъектінің тұтынушының көрсетілетін қызметке рұқсат алуға арналған өтінімін қарау мерзімі | Субъект есепті жылы олар бойынша шешімдер қабылдаған субъектінің мекенжайына келіп түскен сәттен бастап субъектінің көрсетілетін қызметіне рұқсат алуға арналған тұтынушылардың барлық өтінімдерін қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) есепті жылдағы тұтынушылардың осындай өтінімдерінің санына қатынасы |
| | Тұтынушыдан өтініш алған сәттен бастап тұтынушылардың | Оларды беру туралы шешімді субъект есепті жылы қабылдаған, тұтынушылардан өтініштерін алған сәттен бастап субъектінің |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | объектілерін субъектінің сумен жабдықтау желілеріне қосуға арналған техникалық талаптарды тұтынушыға беру мерзімі | сумен жабдықтау желілеріне тұтынушылар объектілерін қосуға арналған техникалық талаптарды берудің жалпы ұзақтығының есептік жылдағы тұтынушылардың барлық өтініштерінің санына қатынасы |
| 3 | Ақы төлемегені үшін көрсетілетін қызметті ұсынуды тоқтата тұру жағдайларын қоспағанда, тұтынушыға көрсетілетін қызметті ұсынуды бір тәуліктен артық тоқтата тұру туралы тұтынушыға субъектінің алдын ала хабардар ету мерзімі. | Субъект есепті жылы осындай тоқтатулар туралы тұтынушыны хабардар ететін, ақы төлемегені үшін көрсетілетін қызметті тоқтату жағдайларын қоспағанда, қызмет көрсетуді бір тәуліктен астам тоқтата тұру сәтіне дейін тұтынушыны алдын ала хабардар етудің жалпы ұзақтығының ( күнтізбелік күн) есепті жылы тұтынушыға көрсетілетін қызметті ұсынуды барлық тоқтатулардың санына қатынасы |
| 4 | Көрсетілетін қызметті ұсынуды тоқтату себебі жойылған сәттен бастап тұтынушыға көрсетілетін қызметті ұсынуды субъектінің қалпына келтіру мерзімі | Көрсетілетін қызметті ұсынуды тоқтату себебі жойылған сәттен бастап субъектінің көрсетілетін қызметті ұсынуды қалпына келтіргенге дейін жалпы ұзақтығының (күнтізбелік күнмен) есепті жылдағы осындай барлық тоқтатулардың санына қатынасы |
| 5 | Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйесі құрылысының жұмысында туындаған ақаулар туралы мұндай шағымды кәсіпорын кеңсесі арқылы жазбаша нысанда немесе диспетчерлік орталық арқылы ауызша нысанда алған сәттен бастап тұтынушының шағымына субъектінің ден қою мерзімі | Субъект су бұру жүйесі құрылысының жұмысында пайда болған ақаулар туралы тұтынушылардың шағымдарын алған сәттен бастап осы құрылыстың жұмысын толық қалпына келтірген сәтке дейін есепті жылы осындай барлық келіп түскен шағымдардың санына жалпы ұзақтықтың қатынасы (ауызша жүгінген кезде сағат және жазбаша жүгінген кезде жұмыс күні) |

Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында:

тіреуіш гидротехникалық құрылыстардың көмегімен жер үсті ағынын реттеу;

ағынды суларды тазалау.

| № | Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділік көрсеткіші | Көрсеткішті есептеу формуласы |
|---|---|---|
| | | Субъекті есепті жылы олар бойынша шешімдер қабылдаған субъектінің мекенжайына келіп түскен сәттен бастап субъектінің көрсетілетін қызметке рұқсат |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Субъектінің тұтынушының көрсетілетін қызметке рұқсат алуға арналған өтінімін қарау мерзімі | алуға арналған тұтынушылардың барлық өтінімдерін қараудың жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) тұтынушылардың осындай өтінімдерінің санына қатынасы |
| 2 | Тұтынушыға көрсетілетін қызметті ұсынуды тоқтату туралы тұтынушыны субъектінің алдын ала хабардар ету мерзімі | Есепті жылы тұтынушыны субъектінің алдын ала хабардар етуінің жалпы ұзақтығының ( жұмыс күндерімен) есепті жылы тұтынушыларға қызмет көрсетуді барлық тоқтата тұру санына қатынасы (қызмет көрсетуді нақты тоқтататуға дейін тұтынушыларды хабардар еткен сәттен бастап) |
| 3 | Қызмет көрсетуді тоқтата тұру себептері жойылған сәттен бастап тұтынушыға көрсетілетін қызметті ұсынуды субъектінің қалпына келтіру мерзімі | Көрсетілетін қызметті ұсынуды тоқтата тұру себептерін жойған сәттен бастап субъект қызмет көрсетуді толық қалпына келтіргенге дейінгі жалпы ұзақтықтың (жұмыс күндерімен) есепті жылдағы осындай тоқтатулардың санына қатынасы |

4-нысан

**Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің және табиғи монополиялар субъектілері қызметі тиімділігінің тізбесі және оларға тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып, тарифтер бекітілетін табиғи монополиялар субъектілерінің тізбесіне енгізілген табиғи монополиялар субъектілері үшін оларды есептеу тәртібі**

1. Электр энергиясын беру саласында:

электр энергиясын беру

| Индекс | Көрсеткіш (к) | Үлес салмағы ($w_к$) |
|---|---|---|
| СК | Сапа көрсеткіштері | 20% |
| СК1 | Сапасыз қызмет көрсетулер бойынша тұтынушылардың шағымдарының саны | 10% |
| СК2 | Көрсетілетін қызметтерге қосудан немесе техникалық талаптарды ұсынудан бас тарту бойынша шағымдардың саны | 10% |
| Н | Сенімділік көрсеткіштері | 80% |
| Н1 | SAIFI-жоспардан тыс (System Average Interruption Frequency Index – ұзақ мерзімді жоспардан тыс өшірулердің орташа саны) | 40% |
| | SAIFI-жоспардан тыс (System Average Interruption Frequency | |

| | | |
|---|---|---|
| Н2 | Index – ұзақ мерзімді жоспардан тыс өшірулердің орташа ұзақтығы ) | 40% |
| ҚТК | Қызмет тиімділігінің көрсеткіштері | 5% |
| ҚТК1 | Инвестициялық бағдарламаның тиісті іс-шараларын іске асыруға көзделген шығындардың бірлігіне арналған электр беру желілерінің ( ЭБЖ) бір км-не арналған технологиялық шығындар | 5% |

Ескертпе: аббревиатураның толық жазылуы:

СК – сапа көрсеткіші;

Н – сенімділік көрсеткіші;

ҚТК -табиғи монополия субъектісі қызметнің тиімділік көрсеткіші.

2. Топырақтың жылуын, жерасты суларын, өзендерді, су қоймаларын, өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының, кәріздік-тазарту құрылыстарының сарқынды суларын пайдалана отырып, өндірілген жылу энергиясын қоспағанда, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау саласында:

жылу энергиясын өндіру;

жылу энергиясын беру және бөлу;

жылу энергиясымен жабдықтау;

жылу энергиясын өндіру, беру және бөлу;

жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау.

| Индекс | Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | Үлес салмағы (w) |
|---|---|---|---|
| Жылу энергиясын өндіру | | | |
| Сапа көрсеткіштері | | | |
| СК1 | Жылу энергиясы өндірісі көздерінің температуралық кестесінің рұқсат етілген мәндерінен ауытқудың расталған сағаттарының саны | сағат | 40 % |
| Сенімділік көрсеткіштері | | | |
| Н1 | Жылу энергиясы өндірісі көздеріндегі технологиялық бұзушылықтардың саны | бірлік | 20 % |
| Қызмет тиімділігінің көрсеткіштері | | | |
| ҚТК1 | Инвестициялық бағдарламаның тиісті іс-шараларын іске асыруға көзделген шығын бірлігіне шартты отынды үлестік | | 40 % |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тұтынудың төмендеу деңгейі | шартты отын кг/Гкал | |
| Жылу энергиясын беру және бөлу | | | |
| Сапа көрсеткіштері | | | |
| СК2 | Жылу желісінің дұрыс жұмыс істемеуі себебінен тұтынушылардың жылытылатын үй-жайларының ішінде температураның нормативтік мәндерінен ауытқудың расталған фактілерінің саны | бірлік | 20 % |
| | Сенімділік көрсеткіштері | | |
| Н2 | Жылу желілеріндегі технологиялық бұзушылықтардың саны | бірлік | 30 % |
| Н3 | Жылу желісінің сенімсіз жұмыс істеуіне байланысты жылыту маусымы кезінде жылумен жабдықтауды тоқтату күндерінің санына көбейтілген тұтынушылар саны | тұтынушылар - күн | 30 % |
| Қызмет тиімділігінің көрсеткіштері | | | |
| ҚТК2 | Инвестициялық бағдарламаның тиісті іс-шараларын іске асыруға көзделген шығындардың бірлігіне жылу энергиясы шығындарының төмендеу деңгейі | Гигакалорий /жыл | 20 % |
| Жылу энергиясымен жабдықтау | | | |
| Сапа көрсеткіштері | | | |
| СК3 | Жылу энергиясымен жабдықтау саласында сапасыз қызмет көрсету фактілерінің расталған саны | бірлік | 20 % |
| Сенімділік көрсеткіштері | | | |
| Н4 | Жылумен жабдықтау қызметтері үшін шоттарды дұрыс ұсынбаудың расталған фактілерінің саны | бірлік | 30 % |
| Қызмет тиімділігінің көрсеткіштері | | | |
| | инвестициялық бағдарламаның тиісті | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ҚТК3 | іс-шараларын іске асыруға көзделген шығындар бірлігіне шаққанда көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтер үшін төлемдердің жиналу деңгейі | % | 50 % |

Ескерту: аббревиатураның толық жазылуы:

СК – сапа көрсеткіші;

Н – сенімділік көрсеткіші.

ҚТК -табиғи монополия субъектісі қызметнің тиімділік көрсеткіші.

3. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында

| Сумен жабдықтау қызметтері | | | |
|---|---|---|---|
| Индекс | Көрсеткіш | Үлес салмағы | Формулалар |
| Сенімділік және үздіксіздік көрсеткіштері | | | |
| $П_н$ | сумен жабдықтаудың реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсетететін ұйымның міндеттемелерін орындау орындарында тіркелген, жылына су құбыры желісінің ұзындығы есебінде сумен жабдықтаудың реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсететін ұйымдарға тиесілі орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесінің объектілеріндегі авариялар, зақымданулар және өзге де технологиялық бұзушылықтар нәтижесінде туындаған суық су беру бойынша су берудегі үзілістер саны ( бірлік/километр) | 20 % | $П_н = К^а_{п\text{вод}} / L_{\text{вод сети}},$<br>мұндағы:<br>$К^а_{п\text{вод}}$<br>– бір километр желіге сумен жабдықтау жүйесіндегі бір жыл ішіндегі үзіліс саны;<br>$L_{\text{вод сети}}$<br>– су құбыры желісінің ұзындығы. |
| Сапа көрсеткіштері | | | |
| | ауыз су сапасын өндірістік бақылау нәтижелері бойынша іріктелген сынамалардың жалпы көлемінде белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін су тарату құбыры желісіне | | $Д_{нп} = К_{нп} / К_п \times 100\%,$<br>мұндағы:<br>Кнп– өндірістік бақылау нәтижелері бойынша іріктелген, белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін ауыз су |

| | | | |
|---|---|---|---|
| $Д_{нп}$ | сумен жабдықтау көздерінен, су құбыры станцияларынан немесе орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесінің өзге де объектілерінен берілетін ауыз су сынамаларының үлесі (пайыз) | 15 % | сынамаларының саны, бірлік;<br>Кп– іріктелген сынамалардың жалпы саны, бірлік. |
| $Д_{прс}$ | ауыз су сапасын өндірістік бақылау нәтижелері бойынша іріктелген сынамалардың жалпы көлеміндегі белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін су тарату құбыры желісіндегі ауыз су сынамаларының үлесі ( пайыз) | 15 % | $Д_{прс} = К_{прс} / К_{п} \times 100\%,$<br>мұндағы:<br>Кпрс– белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін су тарату құбыры желісіндегі ауыз су сынамаларының саны, бірлік;<br>Кп– іріктелген сынамалардың жалпы саны, бірлік. |
| Қызмет тиімділігінің көрсеткіштері | | | |
| $ЭД_{пв}$ | Инвестициялық бағдарламаның тиісті іс-шараларын іске асыруға көзделген, шығындардың бірлігіне, су құбыры желісіне берілген судың жалпы көлемінде тасымалдау кезінде орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелеріндегі су шығындарының үлесі ( пайыз) | 15 | Инвестициялық бағдарламаның тиісті іс-шараларын іске асыруға көзделген шығындар сомасына Д пв қатынасы<br>$Д_{пв} = V_{пот} / V_{общв} \times 100\%,$<br>мұндағы:<br>$V_{пот}$<br>– орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелеріндегі оны тасымалдау кезіндегі су шығындарының көлемі, текше метр;<br>$V_{общв}$<br>– су құбыры желісіне берілген судың жалпы көлемі, текше метр. |
| $ЭУ_{рп}$ | Инвестициялық бағдарламаның тиісті іс-шараларын іске асыруға көзделген шығындардың бірлігіне ауыз суды дайындаудың технологиялық процесінде тұтынылатын электр энергиясының | 10 % | Инвестициялық бағдарламаның тиісті іс-шараларына көзделген шығындардың сомасына Урп қатынасы<br>$У_{рп} = К_{э\ вп} / V_{общ\ вп},$<br>мұндағы:<br>Кэ вп – тиісті технологиялық процесте |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | желіге жіберілетін су көлемінің бірлігіне үлестік шығысы (киловатт-сағат/текше метр) | | тұтынылатын электр энергиясының жалпы саны, киловатт-сағат;<br>Vобщ вп – оларға қатысты су дайындау жүзеге асырылатын ауыз судың жалпы көлемі, текше метр. |
| ЭУ$_{рпт}$ | Инвестициялық бағдарламаның тиісті іс-шараларын іске асыруға көзделген ашығындардың бірлігіне желіге берілетін су көлемінің бірлігіне ауыз суды тасымалдаудың технологиялық процесінде тұтынылатын электр энергиясының үлестік шығысының төмендеу деңгейі (киловатт-сағат/текше метр) | 10% | Инвестициялық бағдарламаның тиісті іс-шараларын іске асыруға көзделген шығындар сомасына У рпт қатынасы<br>$У_{рпт} = К_{э\ т} / V_{общ\ т},$<br>мұндағы:<br>Кэ т – тиісті технологиялық процесте тұтынылатын электр энергиясының жалпы саны, киловатт-сағат;<br>V общ т – тасымалданатын ауыз судың жалпы көлемі, текше метр. |
| ЭКС | Инвестициялық бағдарламаның тиісті іс-шараларын іске асыруға көзделген шығындардың бірлігіне 1000 қосылған абонентке субъект қызметкерлерінің саны (субъект қызметкерлерінің жалпы саны/1000 қосылған абоненттерге) | 5 % | Инвестициялық бағдарламаның тиісті іс-шараларын іске асыруға көзделген шығындардың сомасына КС қатынасы<br>$КС = С_{общ} / А_{общ},$<br>мұндағы:<br>Собщ – коммуналдық компания қызметкерлерінің жалпы саны;<br>Аобщс – қосылған абоненттердің жалпы саны, мың бірлік. |
| ЭУС | Инвестициялық бағдарламаның тиісті іс-шараларын іске асыруға көзделген, шығындардың бірлігіне желіге берілетін (процент) сумен жабдықтау үшін тұтынушылардан | 5% | Инвестициялық бағдарламаның тиісті іс-шараларын іске асыруға көзделген шығындардың сомасына УС қатынасы<br>$УС = С_{төленген} / С_{есептелген} X\ 100\%$<br>,<br>где:<br>$С_{төленген}$ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | төлемдердің жиналу деңгейі | | – басқа кірістерді шегергендегі төлем сомасы;<br>$С_{есептелген}$<br>– есептеу сомасы. |
| $В_{рж}$ | тұтынушылардың шағымдарына жауап беру уақыты (жұмыс күндері) | 5 % | Жұмыс күндері |
| Итого | | 100 % | |
| Су бұру қызметтері | | | |
| Сенімділік және үздіксіздік көрсеткіштері | | | |
| $У_{н}$ | жылына кәріз желісінің ұзындығын есептегенде авариялар мен бітелулердің үлестік саны (бірлік/километр) | 20 % | $Р_{н} = К^{а}_{\frac{}{п}кан} / L_{кан\ сети}$<br>мұндағы:<br>$К^{а}_{\frac{}{п}кан}$<br>– кәріз желілеріндегі авариялар мен бітелулер саны;<br>$L_{кан\ сети}$<br>– кәріз желілерінің ұзындығы, километр. |
| Сапа көрсеткіштері | | | |
| $Д_{свно}$ | елді мекеннің орталықтандырылған су бұру жүйелеріне ағызылатын ағынды сулардың жалпы көлеміндегі тазартуға ұшырамайтын сарқынды сулардың үлесі (процент) | 20 % | $Д_{свно} = V_{нос} / V_{общс} \times 100\%$,<br>мұндағы:<br>Vнос – тазартылмаған ағынды сулардың көлемі, текше метр;<br>V о б щ с – орталықтандырылған су бұру жүйелеріне ағызылатын ағынды сулардың жалпы көлемі, текше метр. |
| $Д_{псвн}$ | орталықтандырылған су бұру жүйелерінің түрлеріне қатысты есептелген төгінділерге арналған лимиттеріне, жол берілетін төгінділердің белгіленген нормативтеріне ағынды су сынамаларының сәйкес келмейтін үлесі ( процент) | 15 % | $Д_{псвн} = К_{псвн} / К_{общсв} \times 100\%$,<br>мұндағы:<br>Кпсвн– жол берілетін төгінділердің белгіленген нормативтеріне, төгінділерге арналған лимиттерге сәйкес келмейтін ағынды су сынамаларының саны, бірлік;<br>Кобщсв– ағынды сулар сынамаларының жалпы саны, бірлік. |
| Қызмет тиімділігінің көрсеткіштері | | | |
| | | | Инвестициялық бағдарламаның тиісті |

| | | | |
|---|---|---|---|
| $ЭУ_{рост}$ | Инвестициялық бағдарламаның тиісті іс-шараларын іске асыруға көзделген, шығындардың бірлігіне тазартылатын ағынды сулардың көлімінің бір бірлігіне ағынды суларды тазарту технологиялық процесінде тұтынылатын электр энергиясының үлестік шығысы ( киловатт-сағат/текше метр) | 15 % | іс-шараларын іске асыруға көзделген шығындардың сомасына У рост қатынасы<br>$У_{рост} = К_{э\ ост} / V_{общ\ ост}$,<br>мұндағы:<br>Кэ ост – тиісті технологиялық процесте тұтынылатын электр энергиясының жалпы саны, киловатт-сағат;<br>Vобщ ост – тазартылатын ағынды сулардың жалпы көлемі, текше метр. |
| $ЭУ_{рсвт}$ | Инвестициялық бағдарламаның тиісті іс-шараларын іске асыруға көзделген, шығындардың бір бірлігіне тасымалданатын ағынды сулар көлемінің бірлігіне ағынды суларды тасымалдаудың технологиялық процесінде тұтынылатын электр энергиясының үлкстік шығысы ( киловатт-сағат/текше метр) | 15 % | Инвестициялық бағдарламаның тиісті іс-шараларын іске асыруға көзделген шығындардың сомасына Урсвт қатынасы<br>$У_{рсвт} = К_{эсвт} / V_{общ\ тр\ осв}$,<br>мұндағы:<br>Кэсвт – тиісті технологиялық процесте тұтынылатын электр энергиясының жалпы саны, киловатт-сағат;<br>Vобщ тр осв – тазартылатын ағынды сулардың жалпы көлемі, текше метр. |
| ЭКС | Инвестициялық бағдарламаның тиісті іс-шараларын іске асыруға көзделген шығындардың бір бірлігіне 1000 қосылған абонентке субъект қызметкерлерінің саны ( субъект қызметкерлерінің жалпы саны/1000 қосылған абоненттерге) | 5 % | Инвестициялық бағдарламаның тиісті іс-шараларын іске асыруға көзделген шығындардың сомасына КС қатынасы<br>$КС = Ч_{общ} / А_{общс}$,<br>мұндағы:<br>Чобщ – коммуналдық компания қызметкерлерінің жалпы саны;<br>Аобщс – қосылған абоненттердің жалпы саны, мың бірлік. |
| | Қаржылық тиімділік көрсеткіші | | |
| | | | Инвестициялық бағдарламаның тиісті іс-шараларын іске асыруға көзделген |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ЭУС | Инвестициялық бағдарламаның тиісті іс-шараларын іске асыруға көзделген шығындардың бірлігіне су бұру үшін тұтынушылардан төлемдердің жиналу деңгейі (процент) | 5% | шығындар сомасына УС қатынасы $УС = С_{төленген} / С_{есептелген} X\ 100\%$ , мұндағы: $С_{төленген}$ – басқа кірістерді шегергендегі төлем сомасы; $С_{есептелген}$ – бір жылға есептелген сома. |
| Жиыны | | 100 % | |

5-нысан

## Реттеліп көрсетілетін қызметтер сапасының, сенімділігінің және тиімділігінің жалпы өлшемшарттары (ең жоғарғы мәні - 0,6):

| № | Өлшемшарттар | Коэффициенттер |
|---|---|---|
| | Сапасы: | 0,2 |
| | ұсынылатын қызметтердің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың үлесін ұлғайту немесе бұрынғы деңгейде сақтау ( субъект конкурстық негізде тартқан мамандандырылған ұйым жыл сайын пікіртерім жүргізу жолымен: 1) егер олардың жалпы саны 100000-нан асып түссе, тұтынушылардың кемінде 0,5% ; 2 ) егер олардың жалпы саны 1000-нан асып түссе тұтынушылардың кемінде 1% - і; 2) егер олардың жалпы саны 1000-нан аспаса тұтынушылардың кемінде 10% - і | 0,1 |
| | тексеру нәтижелері бойынша растау тапқан сапасыз қызметтер көрсетуге тұтынушылардың уәкілетті органның ведомствосы тіркеген шағымдары санын төмендету немесе бұрынғы деңгейде сақтау (оның ішінде болмауы) | 0,05 |
| | уәкілетті органның ведомствосы тіркеген қызметтерге қосудан бас тартуға немесе тексеру нәтижелері бойынша расталған техникалық талаптарды беруден бас тартуға | 0,05 |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | шағымдардың санын төмендету немесе бұрынғы деңгейде сақтау ( оның ішінде болмауы) | |
| 2 | Сенімділік: | 0,1 |
| | ұзақтығы үш күннен асатын реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерді ұсынбау (ажырату) фактілерінің болмауы | 0,05 |
| | негізгі құралдардың тозуын төмендету немесе бұрынғы деңгейде сақтау 2 және одан да көп % | 0,05 |
| 3 | Тиімділік: | 0,3 |
| | Реттеліп көрсетілетін қызметтерді өндіруге арналған энергетикалық ресурстар шығысының үлестік шамасын төмендету.<br>Ескертпе. Есептеу кезінде ауыз судың, тазартылған ағынды сулардың сапасын арттыруды және ағынды сулардың шөгінділерін кәдеге жаратуды қамтамасыз ететін жаңа қосымша өндірістік объектілердің энергия тұтынуы ескерілмейді | 0,1 |
| | нормативтік техникалық шығындарды уәкілетті органның ведомствосы бекіткен деңгейге төмендету | 0,05 |
| | энергия тиімділігін арттыру ( әкімшілік және өндірістік ғимараттардың энергия тиімділігі класын арттыру) | 0,05 |
| | реттеліп көрсетілген қызметтер үшін тұтынушылардың төлемдерін жинауды арттыру немесе бұрынғы деңгейде сақтау | 0,1 |

## Реттеліп көрсетілетін қызметтер сапасының, сенімділігінің және тиімділігінің арнайы өлшемшарттары (ең жоғарғы мәні – 0,4):

| № | Арнайы өлшемшарттар | Коэффициенттер |
|---|---|---|
| | Жылу энергетикасы саласында | |
| | Сапасы: | 0,15 |
| | тұрғын үй – жайлардағы ауа температурасын анықтайтын санитариялық нормаларға сәйкес | 0,15 |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | келетін жылу энергиясын беру-жылыту маусымы ішінде тәулік бойы | |
| | Сенімділік: | 0,15 |
| | қызмет көрсету стандарттарына сәйкес тұтынушыларға жылу энергиясын үздіксіз беру | 0,15 |
| | Тиімділік: | 0,1 |
| | жылу желілерімен берілетін температуралық кестені орындау ( энергия өндіруші станциялар мен қазандықтар үшін) | 0,1 |
| 2 | сумен жабдықтау және су бұру саласында | |
| | Сапа: | 0,15 |
| | Бір жылда сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілерінің ұзындығының есебімен алғанда авариялар санын төмендету | 0,15 |
| | Сенімділік: | 0,15 |
| | ауыстыруды талап ететін магистральдық желілердің (тарату ) үлесін төмендету, (процентпен) | 0,15 |
| | Тиімділік: | 0,10 |
| | энергия үнемдейтін сорғы жабдықтарының үлесін ұлғайту | 0,10 |
| 2.1 | суармалы егін шаруашылығын сумен жабдықтау саласында | |
| | Сапа | 0,15 |
| | су пайдалану лимиті мен жылдың сулылығын ескере отырып, әзірленген су бөлу жоспарына сәйкес су беру | 0,15 |
| | Сенімділік: | 0,15 |
| | Су шаруашылығы құрылыстарының, арналардың, құбыр жолдарының (қауіпсіз жағдайға келтірілген құрылыстар үлесін ұлғайту) пайдалану сенімділігін арттыру | 0,15 |
| | Тиімділік: | 0,10 |
| | су таратқыштың (арнаның және басқалардың) пайдалы әсер ету коэффициентін арттыру) | 0,10 |
| | Электр энергетикасы саласында | |
| | Сапа: | 0,15 |
| | жоқ | – |
| | Сенімділік: | 0,3 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | жеткізілмеген электр энергиясы, тоқтатудың орташа уақыты | 0,15 |
| | жүйенің жұмысындағы тоқтату ұзақтығының орташа индексі; жүйенің жұмысындағы тоқтату жиілігінің орташа индексі | 0,15 |
| | Тиімділік: | 0,1 |
| | энергия үнемдейтін жабдықтарды қолдану | 0,1 |
| 4 | тауарлық газды тарату желілері арқылы тасымалдау саласында құбырларға | |
| | Сапа: | 0,15 |
| | ҚР ҚН 4.03-01-2011 сәйкес талап етілетін параметрлерді тұтынушыларға тауарлық газды беру (қысым және жылу шығару қабілеті) жыл бойы | 0,15 |
| | Тиімділік: | 0,15 |
| | тұтынушыларға тауарлық газды үздіксіз беру | 0,15 |
| | Тиімділік: | 0,1 |
| | газбен жабдықтау құрылыстарының пайдалану сенімділігін арттыру (қауіпсіз техникалық жағдайға келтірілген құрылыстардың үлесін ұлғайту) | 0,05 |
| | Бір жылға желілердің ұзындығына есептегенде авариялар санын төмендету | 0,05 |
| 5 | бәсекелес кірме жол болмаған кезде кірме жолдар саласында | |
| | Сапа: | 0,15 |
| | технологиялық процеске сәйкес кірме жолдардың өткізу қабілетін үздіксіз қамтамасыз ету | 0,15 |
| | Сенімділік: | 0,1 |
| | өткен жылға қатысты авариялар санынтөмендету немесе олардың болмауы | 0,1 |
| | Тиімділік: | 0,15 |
| | темір жол құрылыстарының пайдалану сенімділігін арттыру және (немесе) сақтау | 0,15 |

6-нысан

Ұсынылады: табиғи монополиялардың тиісті салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Әкімшілік деректер нысаны www.economy.gov.kz интернет-ресурста орналастырылған:

**Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметінің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау туралы есеп**

Ескерту. 6-нысан жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.05.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Есепті кезең 20____ ж.

Әкімшілік деректер нысанының индексі: ОССКУС-1

Кезеңділігі: жылдық

Ұсынатын тұлғалар тобы: табиғи монополиялар субъектілері

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей.

Нысан

| р/с № | Көрсеткіштің атауы | Өлшем бірлігі | Көрсеткіштің нысаналы мәні | Есепті кезеңге көрсеткіштің нысаналы мәнінен рұқсат етілген ауытқу (жыл) | Есепті кезеңдегі көрсеткіштің нақты мәні (жыл) | Көрсеткіштің нақты мәнінің есепті кезеңдегі оның нысаналы мәнінен нақты ауытқуы (жыл) | Ауытку себептері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | |
| 3 | | | | | | | |

Табиғи монополия субъектісінің атауы ____________________________________
__________________________________________________________________________

Мекенжайы _________________________________________________________

Телефоны__________________________________________________________

Электрондық пошта мекенжайы__________________________________________

Орындаушының тегі және телефоны ______________________________________

Табиғи монополия субъектісінің басшысы немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға

____________________________________________________________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Күні "_______________" 20___жыл

Қосымша
Субъектінің реттеліп
көрсетілетін сақтау туралы есеп
нысанына сапа және сенімділік
көрсеткіштері

**Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметінің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау туралы есеп (индексі – ОССКУС-1, кезеңділігі: жылдық)

**1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – түсіндірме) "Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметінің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 23-тармағының 11) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды табиғи монополия субъектісі жылына 1 (бір) рет жасайды. Егер өзгеше көрсетілмесе, нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға және орындаушы қол қояды.

**2 тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. "№" деген 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі. Кейінгі ақпарат нөмірлеуді рет-ретімен үзбеуі тиіс;

6. "Көрсеткіштің атауы" 2-бағанында тиісті табиғи монополиялар саласындағы қызмет көрсету сапасы көрсеткішінің атауы көрсетіледі;

7. "Өлшем бірлігі" деген 3-бағанда сапа көрсеткішінің тиісті қызметінің өлшем бірлігі көрсетіледі;

8. "Көрсеткіштің нысаналы мәні" 4-бағанында сапа көрсеткішінің нысаналы мәні көрсетіледі;

9. "Есепті кезеңге (жылға) арналған көрсеткіштің нысаналы мәнінен жол берілетін ауытқу" деген 5-бағанда есепті кезеңге (жылға) арналған көрсеткіштің нысаналы мәнінен жол берілетін ауытқу көрсетіледі);

10. "Есепті кезең (жыл) ішіндегі көрсеткіштің нақты мәні" деген 6-бағанда есепті кезең (жыл) ішіндегі көрсеткіштің нақты мәні көрсетіледі)

11. "Көрсеткіштің нақты мәнінің есепті кезеңдегі (жылдағы) нысаналы мәнінен нақты ауытқуы" деген 7-бағанда көрсеткіштің нақты мәнінің есепті кезеңдегі (жылдағы ) нысаналы мәнінен нақты ауытқуы көрсетіледі);

12. "Ауытқу себептері" 8-бағанында ауытқу себептері көрсетіледі.

7-нысан

Ұсынылады: табиғи монополиялардың тиісті салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Әкімшілік деректер нысаны www.economy.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған:

**Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің нақты және жоспарлы мәндері**

Ескерту. 7-нысан жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.05.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әкімшілік деректер нысанының индексі: КНРУ-1
Кезеңділігі: жылдық
Есепті кезең 20 ___ ж.
Ұсынатын тұлғалар тобы: табиғи монополиялар субъектілері
Ұсыну мерзімі: жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей

_______________________________________________________________________
(қызметтің атауы)

Мақсаты: қызметтер сапасының стандарт жобасын қалыптастыру

| р/с № | | Көрсеткіштің атауы | Қызмет сапасының стандарт көрсеткішінің формуласы | | | Өлшем бірлігі | | Орташа жылдық нақты мәні | | Орташа жылдық жылдық мәні | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1-жыл*** | | | 2-жыл*** | | | 3-жыл*** | | 4-жыл*** | | 5-жыл*** | |
| т/т * | те/т ** | т/т * | те/т ** | т/т * | те/т ** | т/т * | те/т ** | т/т * | те/т ** | т/т * | те/т ** |
| 1 | | | | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | | | | |
| 3 | | | | | | | | | | | |

Табиғи монополия субъектісінің атауы ________________________________
_______________________________________________________________________
Мекенжайы______________________________________________________
Телефон _________________________________________________________
Электрондық пошта мекенжайы__________________________________________
Орындаушының тегі және телефоны____________________________________
Табиғи монополия субъектісінің басшысы немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға__________________________________________________________
(Тегі, Аты, Әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)
Күні "_______________" 20___жыл

Қосымша
нысан нақты және жоспарлы

# Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмелер

Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің нақты және жоспарлы мәні (индексі- КНРУ-1, кезеңділігі: жылдық)

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметінің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 23-тармағының 11) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды табиғи монополия субъектісі жылына 1 (бір) рет жасайды. Егер өзгеше көрсетілмесе, нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға және орындаушы қол қояды.

2 тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. "№" деген 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі. Кейінгі ақпарат нөмірлеуді рет-ретімен үзбеуі тиіс;

6. "Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділігі көрсеткішінің атауы" деген 2-бағанда ведомство бастапқы Тізбе жобасының көрсеткіштерін көрсетеді.

Табиғи монополия субъектісінде бастапқы тізбенің жобасын жаңа көрсеткіштермен толықтыру жөнінде ұсыныстар болған кезде табиғи монополия субъектісі бастапқы тізбенің жобасының көрсеткіштерінен төмен жаңа жолдар қосады.

7. "Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділігі көрсеткішінің формуласы" деген 3-бағанда реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділігі көрсеткішінің формуласы көрсетіледі;

8. "Өлшем бірлігі" деген 4-бағанда сапа көрсеткішінің тиісті көрсетілетін қызметінің өлшем бірлігі көрсетіледі;

9. "Орташа жылдық Нақты мән" деген 5-бағанда реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа көрсеткіштері бекітілген жылдың алдындағы жыл ішіндегі көрсеткіштердің нақты мәндері көрсетіледі.

10. "Орташа жылдық жоспарлы мән" деген 5-бағанда жоспарлы

реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа стандартын әзірлеу жылына және одан кейінгі 4 жылға көрсеткіштердің мәні.

Жоспарланған мәндер болмаған жағдайда, мақсатты мәндерді әзірлеу кезінде тек нақты мәндер қолданылады. Нақты мәндер деп есепті кезеңдегі табиғи монополия субъектісінің нақты көрсеткіштері түсініледі.

* – тұрмыстық тұтынушылар;

** – тұрмыстық емес тұтынушылар;

***– реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділігінің қолданылу кезеңінің жылы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК